

 БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТИНІҢ ЖҰМЫСЫ ӘЛСІЗ



Еліміздің жолдары сапа талаптарына сай емес. Әсіресе, жергілікті жолдар сын көтермейді. Өйткені, олардың деңіне қырышық, ұсақ тастар мен топырақ тәселген. Тек 44 пайызы ғана асфальт-бетонмен қапталыпты. Бірақ соған қарамастан, олардың бәрінің жағдайы қанағаттанарлық деп саналады. Мұның зардабын жол жүргендегер көріп жатыр. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында айтылды. Оnda депутаттар елдің көлік-логистика әлеуетін дамытуға қатысты Үкімет есебін тыңдалап, саланың толғақты мәселелерін талқылады.

(Жалғасы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Нұртай САБИЛЬЯНОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

«ДЕПУТАТТА,
МИНИСТРДЕ
ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН
БОЛУЫ ҚЕРЕК»

— Нұртай Салихұлы, Парламент Мәжілісіндегі Экономикалық реформа және өнірлер комитетін басқарасыз. Аты айтып түрғандай, еліміздің бүкіл өзекті мәселелеріне қатысты заң жобалары сіздер арқылы ететін сияқты. Өткен жылда бірқатар маңызды құжаттар жаттар қабылданған болар?

— Жалпы Парламент Мәжілісінде 7 комитет бар. Негізінде олардың әрбірін жеке-дара белгілі алып, жұмысы ауқымды, маңызды заңдар осы комитеттеп өтеді деп айту артықтау. Қаралатын барлық заңдар маңызды болғандықтан, қай комитеттің болмасын жұмысы күрделі, жаупты. Барлық комитеттерде заң шығару үрдісі қызу турде жүріп жатыр. Десе де біздің комитетте ауылдан авиаацияға дейінгі мәселені қамтитын заңдар қаралатының айту айып болмас. Оның ішінде тұрғын үй, ғаламтор, жол-көлік, экономика, өнірлерді дамыту, жергілікті өзін-өзі басқару секілді маңызды мәселелер бар. Осы бағытта заңдар жасалып немесе қолданыстағы құжаттарға өзгерістер енгізілетін болса, Мәжілістегі Экономикалық реформа және өнірлерді дамыту комитеті бас комитет болып есептеледі. Яғни, ұсыныстардың ең көбі бізге түседі. Өткен жылда еліміздің экономикасы мен әлеуметтік жағдайына қатысты өте маңызды заңдар қабылданды.

— Атап айтқанда...

— Мәселен, «Мемлекеттік сатып алу тұралы» заңды қабылдады. Бұл құжат биыл 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілді. Мұндай заң бұрын болған. Бірақ қоғам болғаннан кейін әртүрлі адами faktorлар асер етіп, сонымен қатар технология да дамып жатқандақтан, заңға өзгерістер қажет болды. Көп жағдайда мәселе заңға емес, оны орындастын адамдарға байланысты туындауды. Соңдықтан Президенттің тапсырмасына сәйкес «Мемлекеттік сатып алу тұралы» заң жобасы дайындалды. Заңың басты мақсаты – мемлекеттік сатып алушы сапалы өткізуге ықпал ететін тетіктердің тиімділігін арттыру. Бұл заң экономика үшін өте өзекті. Тіпті оны республикалық бюджеттен кейінгі маңызды құжат десек болады. Өйткені, осы «Мемлекеттік сатып алу тұралы» заң арқылы біз бюджеттің 7,5 трлн теңге қаржатын жұмысауды жүзеге асырады екенбіз. Құжатты ұзақ талқыладық. Соның натижесінде сапалы заң қабылданды деп батыл түрде айтуда болады.

(Жалғасы 5-бетте)

 БІР МҮДДЕ

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ – БІРЛЕСКЕН КҮРЕС НӘТИЖЕСІ

Сыбайлас жемқорлық-қоғамның, дамуына көрі есептің күрделі әлеуметтік мәселе. Ол елдің экономикалық тұрақтылығына, ғылым, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру, жалпы барлық маңызды салалардың тиімді қызмет атқаруына тікелей зиянның тигізеді.

Қазақстан бұғанда әділдетті мемлекет құру жолында ауқымды реформаларды жүзеге асырып келеді. Осы ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басын бағыттарының бірі болып қала бермек.

Президенттің Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңыздылығын үнемі атап етіп, құқықтық мемлекет құрудын негізі – заңның үстемдігін екенін айтады. Мемлекет басының қоғамда жемқорлыққа тәзбешуілік мәдениеттің қалыптастырудың маңыздылығын да ерекше назарда ұсталды.

Жыл сайын «Transparency International» халықаралық үйімі жариялайтын сыбайлас жемқорлықтың қабылдау индексі Қазақстанның осы бағыттағы жетістіктерін көрсетеді.

маңызды мәселелер бойынша оң шешімдер қабылдануда.

Бұғанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында құжат айналымын электронды форматқа көшіру жұмыстары жалғасуда. Шымкент қаласы әкімдігі 165 мемлекеттік қызмет түрін ұсынады, оның 148-і (89,6 %) толық автоматтандырылған.

Сонымен қатар, «бір терезе» қағидағы бойынша инвесторларды сүйемелдейтін «Shymkent Invest» фронт-кенесінің жұмысы жандандырылып, шағын және орта бизнеске 900-ден астам консультация беріліп, 40 бизнес-жоспар әзірленді.

Білім беру саласындағы жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында мектепке дейінгі білім беру үйімдарына ваучерлік қаржыландыру пилоттық жобасы енгізілді. Нәтижесінде 10 305 бала ваучер арқылы балабақшаларға орналастырылып, кезек 90 %-ға жаңарды.

Қаладағы жер саласында қордаланған мәселелерді жүйелі шешу мақсатында сәүләт, қала құрылышы және жер қатаистары басқармасы қайта құрылып, екі жеке басқарма жасақталды. Осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін қаланың беруде.

Қазіргі таңда құрылышы ұзаққа созылған

геоакпараттық порталы іске қосылды. Бұл портал арқылы бос немесе игерілмеген жер участелерін онлайн форматта көруге болады. Жер қатаистарына қатысты 18 мемлекеттік қызмет пен сервистер автоматтандырылған.

Әкімдік тараپынан азаматтарды қабылдауда тұрақты түрде жүргізілде. Биыл 13 жеке және 2 кезектен тыс қабылдауда өткізіліп, 467 азаматтың 600-ге жуық мәселе сынады. Оның 400-ден астамы өз шешімін тапты.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында жұмыс істейтін «І котек-109» бірыңғай байланыс орталығы арқылы жыл басынан бері 300 мыңға жуық өтінім қабылданып, олардың 96,6 %-ы шешімін тапты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның міндесі. Қоғамдық үйімдар, кәсіпкерлер және қаралайтын азаматтар бұл жұмысқа белсенді араласуы қажет. Тек бірлескен күш-жігердің арқасында ғана әділліті әрі жемқорлықтан таза қоғам күра аламыз. Қала тұрғындарының бұл бағыттағы жұмысқа белсенді үлес қосатынына сенім білдіремін.

Ғабит СЫЗДЫҚБЕКОВ,
Шымкент қаласының әкімі

2-бет



Заң үстемдігі –
демократияның ең биік шыны

3-бет



Спортқа болінген қаржының
қайтарымы болу керек

8-бет



Дар
алдында

АКПАРАТ

ҚАР ЕРІТУ ПУНКТІ АШЫЛДЫ

Алматыда ашылған пунктте экологиялық таза технологиямен қар ерітілтін болады.

Жаңа пункт «Алматы Тазалық» мекемесінің көктай-фақта қарысы реагенттері сақталған бұрынғы базасында салынған. Қар еріту пункті соғын жылдары қардың көп түсіне және қаланың инфрақұрылымына жүктеменің артуына байланысты салынған.

— Қар еріту пунктінің жұмыс процесі қолданыстағы көріз желісі арқылы келетін ағынды сулардың жылуын пайдалануға негізделген. Жылы су қысыммен сорғы кондырыларды және құбырлар жүйесін етіп, қарды ерітеді. Осыдан кейін еріген су сүзгіге туседі, күм мен қоқыстардан тазартылады. Кейін қалалық көріз желісіне жіберіледі. Пункттің күаттылығы — тәуелгіне 1200 тектеше метрге дейін қарды ерітеді, — деп хабарлады әкімдікten.



Жалпы қар еріту пунктіне Әуезов, Алмала және Бостандық аудандарының аумақтарынан қар жеткізіледі.

Алматы қаласы

РОБОТ-ТЕЛЕИНСПЕКТОР ЖҰМЫСҚА ҚІРІСТІ



Заманауи технологиялар адам-заттың құнделікті өмір салтына да араласа бастады. Мәселен, Ақмола

облысының әкімі Марат Ахметжанов Бурабай ауданына арнайы техника табысталды. Робот-телеинспектор заманауи камералар мен сенсорлармен жабдықталған, олар жоғары дәлдіктерінде кескінді қамтамасыз етіп, құбырлардың күйін егжей-тегжейлі талдауга мүмкіндік береді және диаметрі 300-ден 1000 мм-ге дейінгі канализация құбырларында ақауларды анықтауға арналған. Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жаңа көмекшіні және коммуналдық

қызметтерге арналған мамандардырылған техниканың кілттерін, оның ішінде мазут тасымалдаушы, көпфункционалды КамАЗ, фермерлік және жолаушы Газельдер, сондай-ақ JAC және Haval пикаптарын тапсырды.

Жаңа техниканы тапсыру өнірдін коммуналдық инфрақұрылымын дамыту мен материалдық-техникалық базаны жақсартуда маңызды қадам болуда.

Ақмола облысы



Жаңа жылдан бері Жетісу өнірінде де сүйінші ақпараттар көбейді. Солардың бірі жарық дүние есігін ашқан нәрестелер. Жетісүде 1 апта ішінде 196 нәресте дүниеге келді. Оның ішінде 4 еріз бар.

Жаңа жылдың басталуымен облыс бойынша 17-і қантар аралығында 196 бала өмірге келді. Оның 98-і үл, 98-і қызы бала. Ана мен бала денсаулығын жақсарту мақсатында 2025 жылы облыстық перинаталдық орталығында ұрық хромосомаларына инвазивті пренаталдық диагностика, генетикалық зерттеу жүргізуі бастау жоспарларын отыр. Бұл да медицина саласындағы онды жаңа жылдың бірі. Ол хромосомалық ауытқуларды және басқа да тұқым қуалайтын бұзылуларды анықтау үшін қолданылады ерілділдиң диагностика бала денсаулығына

қатысты қауіптердің алдын алды. Жетісу облыстық денсаулық басқармасы әкілдері алдағы уақытта Сарқан қаласында 3 жасқа дейінгі балаларға арналған Қамқорлық оналту орталығын ашу жоспарланып отырғанын да жеткізді. «Онда Алакөл, Ақсу және Сарқан аудандарының балалары оналтудан етеді. Онда дамудың ерте кезеңдерінде 3 айдан 3 жасқа дейінгі балаларды кешенді оналту жүргізілтін болады», — дейді мамандар.

Жетісу облысы

АКЦИЗДЕЛЕТІН ӨНІМДЕРДІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛДЫ



Мемлекеттік кірістер департаменті ылғалы абылайында өткізілген рейдтер нәтижесінде 168 мың литр алкоголь тәркілген. Бұл алдыңы җылмен салыстырғанда 14,5 пайыза жоғары.

Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінен

мәліметінше, акцизделетін өнімдердің көлеңкелі айналымын болдырмау мақсатында рейдтік жұмыстар атқарылған. Нәтижесінде 1 жыл ішінде 12 млн дана темекі, 168 мың литр алкоголь өнімдері және 198 тоннадан астам мұнай өнімдері тәркіленді. Бұл заңсyz әрекеттер бойынша ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес шаралар қолданылып, құжаттар сотқа жолданды. Нәтижесінде 51 млн тенgeden астам айылпул өндірілді.

— Мәселен, еткен жылдың мамыр айында Іле ауданы аумағында екі көліктерінің темекі өнімдерін заңсyz тасымалдау фактісі анықталды. Эко-

номикалық тергеу департаментімен бірлескен тексеруде жалпы құны 150 мың тенге болатын, сыйкестендіру құралдары жоқ 195 мыңнан астам қорап темекі тәркіленді. Бұл өнімдердің төленбеген акциз сомасы 62 мың тенге. Сондай-ақ, Қазақстанда спиртті өнімдердің заңсyz тасымалдау фактісі тіркелді. Рейд барысында көліктен жалпы құны 1,5 мың тенгеге бағаланған 2790 литр спиртті сұйықтық табылды, — дейді Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіндегі акциздердің әкімшілendіру бөлімнің басшысы Айгерім Алмабай.

Алматы облысы

АСЫЛ МҰРА

ҮЛТТЫҢ ЖАНЫ

Тіл – халықтың қазынасы, үлттың жаны. Тілдің мәселеzi – үлттың мәселеzi.

Мемлекеттік тіл – әрбір елдің бүкіл аумағында қоямдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы саналытын мемлекеттік тілді менгеру – Қазақстанның әрбір азаматтың парызы. Қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлесуі көнілге қаяя түсіретін жайт. Қазақ тілі – Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі.

Мемлекеттік тілдің оқыту отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміс, үлттық діл, үлттық болымыс тұралы ақпараттар толық беріледін анық. Біздің қазақ халқының тіл ете бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілік, қоямның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана

тіліміз елімізегі халықтардың барлық іс-әрекеттің, қарым-қатынасының қуравалы болуы тиis, оның қолданылуы аясын жоғары сатыға кетеру әрбіріміздің борышыныз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті.

«Үлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ен қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың нақыл сезіне сүйенсек, Ата Заң аясында бақ-береңетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын дұрыс жүргізуінде жемісі екені анық. Тіл – қарым-қатынас құралы емес, ойлаудың, дүниетанымың, рухани мәдениетті жасаудың, үлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың құралы және үлттық мәдениеттің білік тұфыры. Бұл ретте біздің мемлекеттік тілге деген жанашырылды.

Қазіргі таңда үкімет тараپынан мемлекеттік тілді үйренип үшін барлық жағдай жасалған. Мемлекеттік қызметкерлер де мемлекеттік тілді менгеріп, өздерін дамыту үстінде.

Мемлекеттік тілдің қоямдық қызметтері –



басқару, ақпарат, білім мен тәрбие беру ісі, бүкіралық ақпарат құралдары, құжат жүргізу саласы, қоямдық-саяси, мәдени мекемелер мен үйымдарда және басқа да маңызды салаларда жолға қойылуда. Әр мекеме басшысынан бастан, техникалық қызметкеріне дейін тілді үйренип, құнделікті өмірде пайдалануға бейімделу керек. Сонымен қатар, құннен-қунгеге мемлекеттік тілді менгергендердің ішінде өзге этнос өкілдерінің де саны көбеюде. Ол үшін ата-ананың рөлі ерекше екенін ескеру кажет. Әр отбасы баласына қазақ тілін үйрени-

туді қолға алса, жүре келе таза сөйлері анық.

Әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет түтшілік тілдің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мәртебесін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүру мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жүлдізін биіктетуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

Аққөркем МҰХАНБЕТҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласы №2 салының
бас маманы

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ

ЖЫЛҚЫ ТҮҚЫМЫ ЖАҚСАРАДЫ

Елімізде жылқы саны 4,2 млн басты құрайды. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің, бірінші форумында Мемлекет басшысы осылай деді. Сандық көрсеткіштің жылма-жыл есү қарқыны қуаныш түр. Бірақ Президент айтқандай, бұның өз мәселесі бар. Қазақстандағы қылқырықтының саны есkenмен, түқымы дұрысы тым аз. Яғни, асыл түқымды жылқы саны – 40 мың басты ғана көрсетіп отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев жиында Қамбар ата түлегін есіріп қана қоймай, оны асылдандыру жөнінде өз байламын айтқан болатын.

«Қазақстанда жылқының бірнеше түрі бар. Оның ішінде қазақпен бірге жасап келе жатқан жыбының орны ерекше. Кейін оған Қостанай, Қошім және Мұғалжар түқымдары қосылды. Әрқайсының өз ерекшелігі бар. Мен бұған дейін Адай жылқысы Манғыстаудың баға жетпес қазынасы екенін айттым. Оны әлемге таныту үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырдым. Қазір Адай жылқысы ресми турде бөлек түқым ретіндегі тіркелді. Бұл аргымақтар Ұлы дала жорығында, басқа да аламан бәйгілерде топ жарып жүр. Қостанай жылқысы да мықты екені белгілі, алайда, жоғалып кетудің аз-ақ алдында түр, небәрі 280 бас қалды. Сондықтан жылқының санымен қатар, сапасын арттыру – маңызды міндет. Биыл қазақ жылқысының түқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылдадық. Енді бұл бағытта тағы бір маңызды қадам жасаймыз. Мен Үкіметке Жылқы шаруашылығы институтын құруды тапсырамын. Білдік мамандар мұны көптен бері айттып жүр. Құзырлы органдар қысқа мерзім ішінде осы мәселені пысықтап, қаржы көздерін қарындауы керек», – деді сол жиында Президент.



Артынша Мемлекет басшысының тапсырымасымен елімізде Жылқы шаруашылығы және жем-шөп өндірү ғылыми-зерттеу институты ашылғаны белгілі болды. Ақтөбе облысында ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасының негізінде «Қазақ жылқы шаруашылығы және

жем-шөп дайындау ғылыми-зерттеу институты» ЖШС құрылды. Атальған мекеме «Ұлттық ғылым-білім беру орталығы» құрамында болмақ. Ал мамандардың сезінше, институттың Ақтөбеде ашылуы тегін емес. Өйткені, мұнда уақытында қазақтың Мұғалжар және Қошім түқымды

жылқысы көптер бағылды. Әлі де осы шаруашылықтың басында жүргендегі жетерлік. Мысалы, бір Мұғалжар жылқысының төлі – 1 млн теңгеден бағаланатын көрінеді. Әрі бұл түлік құбылмалы ауа райына бейім, есіресе, қатал қыс айларына өте шыдамды.

Мамандардың айттынша, алдағы жылы соңғы технологиялар арқылы жергілікті Қостанай, Адай және соғымға арналған өзге тұқымдардың генотиптерін көбейту үшін селекциялық және асылдандыру бойынша жұмыстар қарқын алады. Оған жылқылардың әртүрлі генетикалық топтары туралы ақпаратты сақтайтын деректер қорын және үркітпес әмбриондар банкі құрылмақ. Қосымша аналықтардың қолдан үркітандыру зертханалық пунктін салып, арнайы жылқы есіруші мамандар даудында мақшы. Әрі жылқы ветеринарлық клиникасын ашу да қарастырылған.

– Жоспарланған жұмыс көп. Былдан бастап қазақ даласындағы қандай жылқы түқымдары бар, қайсысы қолда қалды деген маселемен үлкен зерттеу жүргізіміз. Атальған жұмыстар Манғыстау, Қарағанды, Павлодар және Абай облысында қолға алынады, – деді «Қазақ жылқы шаруашылығы және жем-шөп өндірү ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның Басқарма төрағасы Әлібек Базаралиев.

Екіншіден, мұндағы басым бағыт, 2035 жылға дейін жылқы түқымын асылданыра отырып, оны еліміздің әр өнірінде шаруашылықтарға енгізу. Осы арқылы отандық жылқы түқымының есімін 20-25%-ға арттыру қөзделген. Сондай-ақ шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен, университеттермен және халықаралық стандартқа сай зертханалармен бірлесе жұмыс істеп, ондағы жетістіктері мен тәжірибелер алмасу басты назарда. Өйткені, қазақ жылқысын халықаралық аренада бәсекеге қабілетті ету өте маңызды.

Ал Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты «Оңтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу станциясы» филиалының аға ғылыми қызметкері Дәүлет Ибрагимовтың айттынша, қазір жылқыны есіру мен көбейтуде өзіндік қындық жетерлік.

«Тебінде жайылатын түлік

болған соң жылқыға жақсы жайылым керек. Қазір көл өнірлерде егістік алқаптың кебею жақсы болғанмен, жаз айларында ерісті тарылтып отырғанын жасыра алмаймыз. Егістік иелер жерді қоршап, тек күзде ғана жиын-терім біткен соң ашып тастанды. Негізгі жайылымдық жерлердің де күй нашарлаған. Екіншіден, жылқы шаруашылығында оның түқымын асылданыру туралы айттылған мәселе де өте орынды. Енді соны орындаушылар тек ірі шаруашылықтарға ғана мән бермей, азды-көпті жылқы есіріп отырығандарға да қолдау көрсеткені дұрыс деп есептеймін. Жалпы, ет бағытындағы Мұғалжар, Қошім жылқыларынан бөлек, будандасқан спорт бағытындағы жылқыларды да есіріп отырығандар бар. Бірақ колдағы жылқылардың 90%-ы яғни, қайтада жылқылардың енгізу. Осы арқылы отандық жылқы түқымының есімін 20-25%-ға арттыру қөзделген. Сондай-ақ шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен, университеттермен және халықаралық стандартқа сай зертханалармен бірлесе жұмыс істеп, ондағы жетістіктері мен тәжірибелер алмасу басты назарда. Өйткені, қазақ жылқысын халықаралық аренада бәсекеге қабілетті ету өте маңызды.

Сондай-ақ шипа болатын жылқы төлеғасылар бойы қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқаны анық. Жылқы өнімін жиі тұтыну – адам деңсаулығына өте пайдалы. Айта кетейік, Қазақстанда жылқыдан бөлек, өзге түлік басында да есім бар. Алдыңғы жылдың дәл осы кезеңімен салыстырысак, мал басы 119%-ға арттырылған. Былтыр 9 айда ірі қара майдың саны 8 395,6 мың басқа ессе, ұсақ мал саны 20,9 млн басқа көбейген. Ал Ойсыл қара түқымы 286,6 мың басқа жетіпти.

Сондай-ақ, елде сыйымдылығы мың бастан 20 мың басқа жететтің 160-ка жуық бордақылау алаңынан бөлек көрінеді. Оның көбісі Түркістан, Алматы, Ақмола және Қостанай облыстарында шоғырланған.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

кенжайының өзгергені туралы хабарлайды: 130000, Ақтау қаласы, 26 шағын ауданы, 17-фимарат, «ISATAI» бизнес орталығы, 3-қабат, 303-кенсе.

9. 2025 жылдың 5 қаңтарында Ақтөбе облысында мамандардың ауданаралық экономикалық соты «Нұрай Инвест Групп» ЖШС-нің оңалту рәсімін қолдану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғады.

10. «AUTO STYLQ FINANCE» Микроқаржы үйімі» ЖШС, БСН 220240035629, өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы 223, н. п. 247, 6 қабат, 26 блок, пошта индексі 050059. Телефон: 8 700 888-55-88.

11. «Standard Инвестициялық Компаниясы» АҚ Басқарушы компаниясы «Standard – еврооблигациялар» ИАПК (ISIN kzpf00000843) пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталған туралы хабарлайды. Өтінімдерді қабылдауда араптық инвестициялық пай ережесіне сай №2 қосымшаның 6.4-тармағына сәйкес, 10.01.2025 9:00 -19.01.2025 18:00 Астана қаласындағы негізінде жеткілікten қызметкіштік жағдайда.

6. Аудиторлық қызмет жөніндегі қасіби кенестің (АҚКК) біліктілік комиссиясы 2024 жылдың 15 және 18 қарашасы аралығында еткен «Қазақстан Республикасының Аудиторы» атағы алуға арналған емтихандық сессияны қорытындағай келеді, «Аудитор» атағы 4 (төрт) үміткерге берілгенін хабарлайды.

АҚКК біліктілік комиссиясы Исакова Кристина Альбертовнаны, Нұршатаев Азамат Бахытбековичті, Омарова Найма Абдуалимовнаны, Шаяхметова Асем Болатовнаны

емтихандарды сәтті тапсырыммен және «Аудитор» біліктілігін иеленуімен күттіктайды. Қызықтыратын сұрткындықтарынан бойынша +7 727 249 76 02, +77017217803 телефон нөмірлері арқылы немесе kvalkom@psad.kz электрондық поштасына хабарлапсыңыздар,

АҚКК біліктілік комиссиясы

7. «Бахус» АҚ 20.01.2025-25.01.2025 күндері аралығында бірыңғай экологиялық порталда (Ecoroyal.kz) Айтма қаласы, Алматы ауданы, Гоголь көшесі, 223 мекенжайға орналасқан «Бахус» АҚ алкогол өнімдердің ендеру кешенін шын асер ету туралы декларацияра коршақтан орталықтарға беріліп бойынша жария талқылау нысанындағы қоғамдық тұңдаулар өткізгендегі болады.

Бастамашы: «Бахус» АҚ, БСН 941140000417, +77012894995. Жобалық құжаттама пакетін ескерткөрмеге мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда көрүге болады.

Баспасоз – 2025

Құрметті оқырман!

«Зан газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Зан» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-інде дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Казпошта» АҚ бөлімшесі, «Қазпресс» ЖШС дүнгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылударының жаңылары болады.

Жазылу индекстері:

«Зан газеті»

жеке түлгелар үшін – 65921,
зәндө түлгелар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ- Алматы қаласы, Ақтөлкін көшесі, 4Б, 1 кабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 е-mail: zan-info@mail.ru, www.zan.info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесінен киынсы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшин, тел.: 271-49-39, 8 707 705 92-22. Е-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Султан к., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент к., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймеренов к. бұрышы) RBK банктың жаңайында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. Е-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы к., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Любимова», Караганды к., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

(Соңы. Басы өткен санда)

— Мен Қуаныш Тимурұлының құрылыш компаниясында біраз жылдардан бері жұмыс істеймін.

— Демек, бұрыннан таныссыз. Ұақытылы есептесіп тұрдыңыз ба?

— Иә, ақымды жеген кезі болмады.

— Ары қарай жалғастыра беріңіз.

— Мен ол үйге бұрыннан барып, бұзылған ток жолдары, техникалық жөндеу жұмыстарын жасап жүргендіктен, бағалы заттарды қай жерге сақтастынын білетінмін. Соңғы кезде қаржыдан қиналып жүргендіктен, тонаушылық жасауға бекіндім. Сөйтіп, сағат 11-лерге қарай сол пәтерге бардым. Есікті ашқан Қуаныш Тимурұлын электрощокермен талдарыдым да, қымбат бұйым сақталған тергі бөлмеге қарай жүргенімде, ваннадан шықкан жартылай жалаңаш әйеліне көзім түсті... ойым бұзылып...

— Иә, соңын не болды? — Абылай кідіріп қалған күдіктігө сөйлей бер дегиша жасады.

— Ереккіп ғой. Бұрыннан сол әйелге ындының құрып жүретін. Орайы енді келді деп ойладым. Сонымен ұрлық жайына қалды. Бірақ әйел мен ойлагандай он-онай икемге келе қоймады. Қолынан сыйтылып шығып, ашық тұрған тереңден өзін лақтырыды. Соңын ұрлықта жайына қалып, өзім зорға бас сауғаладым.

— Жарайды. Басқа айтартыңыз бар ма?

— Мени шайтан азғырды. Истеген ісімін қатты өкінімін, — деді күдікті курсіне қынхылып.

Содан бері біраз күн өтті. Тергеу барысы аяқталғанымен, бұл істен бір шикілікті аңғарған Абылай Әзімханұлы сотка жолдауға асықлады. Мұнысы басшылыққа ұнай қойған жоқ. Бірде тус әлтінде ішкі істер бөлімінің басшысы полковник Қуандық Бірлікүлі Абылайды ресторанға кездесуге шақырды. Бұл жаңа келген бастығының сырына қанық емес еді. «Өзінді әрілтестермен алғынның және де жақындағатпа» ұстанымымен жүретін Абылай әрқылы ойдаң жетегімен үәделі уақытта ресторанға барды.

— О, қош келдін, Абылай Әзімханұлы, — деп Қуандық рестораның вип залынан құшақ жая қарсы алды.

— Қош көрдік, Қуандық Бірлікүлі. Дастарқанға шақырғанызыға рақмет. Дегенмен, ненің құрметіне жайларған дәм екенін түсінбейдім, — деді Абылай нәумез.

— Ой, бауырым, тергеуши десе, тергеушісін ғой. Мінеки, келгеннен тергей женелідін. Жай әрілтес ретінде әртімелесіп, жақыннан түсінісп, сұрласуға болатын шығар, бауырым, — деп жақауруата кенкілдей күлді. Талай істің тігісін жатқызған тісқақан екені байқалып тұр, — айтпақшы, мына сусындықтың қайсынан татуши едін, — деп үстел үстіндегі самсан тұрған ішімдіктерге қол созды.

— Рақмет, мен ішімдікке жоқ едім, ал мынадайдан болады, — деген Абылай дастарқанда тұрған тассайды алып, өзіне құйып қойды.

— А, оның дұрыс екен. Маған рұқсат болса, — Қуандық өзіне вискиден құйып, тартып жіберді де, өзінің өмір жолы, қызметке қалай келгені, қазіргі саясатқа көзқарасы туралы ақтарылып сейлей жөнелді. Сөзшөндігі байқалып тұр. Абылай мұқияттындасты.

— Айтпақшы, Абылай Әзімханұлы, сіздің «Құрмет» орденін алғанызыға 3 жыл болыпты. Содан бері басшылық неге сізді наградаға ұсынбаған? Бұл сіз сиякты өз ісіне шебер, кәсіби маманға жасалған қиянат емес еп? Дауай, құжаттарынызы дайындаңыз. Мен сізді биыл «Пара-

сат» орденіне ұсынамын, — деді вискиге аздал қыза бастаған Қуандық әңгіменің әрдігінде.

— Қөнілінгә рақмет. Атақ ретімен беріле жатар, Құдай абырайдан айырмасын, — деген бұл сәл үнсіздіктен соң, — Қуандық Бірлікүлі, әнгіменің тоқетеріне қөшсек. Жалпы маған не айтқыңыз келіп отыр? — деді мына іш пыстырапыл әңгіменден жаһылып.

— Иә, иә, істің тоқетері былай. Тұн ұзарса, тұс көбейеді деген. Ана марқұм келіншектің делосын жабу керек.

— Қалай жабамыз? Ол істің күдікті тұстары бар. Тағы да зерттеуді қажет етеді.

— Абылай Әзімханұлы, сіз ақылды адамсыз. Қалай түсінбейсіз? Мына біз түсінбейтін, шамамыз

Бұл кезде өрт сөндіргендей тунерген Абылай ресторанның шығып бара жатты. Тік белімшеге тартты. Кезекшілікте отырған капитан Жанат Онласынұлымен амандастасан, насыбай қалтасын сұрап, бір атымды ерінге лақтырып, ашу-ызадан жарылардай болып, үйіне бет алды.

— Басекен бұл бәлени қойып еді. Мұнысы қалай? — деп түк түсінбеген Жанат Абылайдың артынан ұзақ қарап тұрды.

Үйге келген соң, іші әлем-тапырақ болған Абылай жаңа бастығының айтқандарын ой сарабынан өткізді. «Бала-шағаның болашағына балта шаппа, жұмысынды, өмірінді ойла» деген сөздер санасында жаңғырып тұрды. Төрде ілуі тұрған отбасылық сүртеке көзі түсін, жүргешім ете қалды. Мына өмірде әділет-

елеусіз детальдарға дейін сұрыпта, екшеді. Құдікті Наматжан Сабировтың мойындауынан ойға қонымсыз, жалғандықтар шыға бастады. Сонымен өзбек еліндегі бұрыннан таныс құқық корғау саласының қызметкерлері арқылы Әндікән қаласының Асака ауданының түрғыны Наматжан туралы мәлімет жинау қындық тұдырмады. Құдіктіге әйел зорларда деп кінә тағуға ешбір неғиз жоқ бол шықты. Әйткене Наматжан 20 жасында Ауған соғысына қатысып, қырғын шайқастың бірінде ауыр жарапанып, еркектік мүшесіне зақым келген. Сол себепті өмір бойы үйленбеген. Былайша айтқанда әтек. Енде, неге ол кісі өлімін мойынна алды?

— Сонымен Жанат сен қандай қорытындыға келдін? — деп Абылай сыйнай қарады?

— Соған миым жетпей, ақылым айран болп отырған жоқ па?

— Мысалы саған он миллион берсе, жасамаған кісі өлімін мойынна алар ма едін?

— Қанша? Аз фой. Тағы біраз қосса... А, жоға. Әбеке, не деп кеттініз? Адамды шатыстырып, — деп Жанат шоршып түсті.

— Мінеки, ақшаны айтқанда сен бірден бейсаналы түрде келісімге келуге рай таныттын. Ал, құрлысыш өзектерге бұл көп ақша. Олигархтар үшін бұл копейка. Арзымас дүние.

— Сонда Сандуғаш Қекенованың қүйеуі Қуаныш Тимурұлы өлтірді де гініз кеп тұр ма?

— Дәл солай. Бірақ, дәлел жеткіліксіз.

— Әй, қайдам. Қершілдерінің бұл отбасы тату-тэтті, қүйеуі мешітке садақа беріп, қайрымдылықпен жи айналысады деп шаң жытулпай, олардың жарасымыды жұп екеніне кепілдік беріп отырғаның қайда коямыз?

— Құштінің арты дійрмен тартқан заман. Бай қәсіпкерден жасақын, жалған күәлік берулері әбден мүмкін.

— Иә, ондай жағдайлар болады.

— Сосын қүдікті Наматжанның жалдамалы жұмысқер жалғыз бауыры жуырдаған Асака ауданының орталығынан жап-жаңа үй алған. Бұл мәселеге ауылдастырының өзі таңқалысын жасыра алмапты.

— Бұл рас болса, Наматжанның бауыры үшін жасаған ісін бағалауға болады. Менің ағамды білесіз фой, әйелінің айтқанынан шықпайды.

Абылай бір жынып қойып әнгімесін жалғастырыды.

— Олардың жауабы бойынша, марқұм терезеден секірген-мис. Ал өзін ойлаши, әйел шалқасынан жатыры. Әз еркімен терезеден секірген адам кебінде екпетінен құлайды.

— Ана онғағандар өлтірдің әйелді терезеден лақтырыған демекпіз?

— Межемен солай болуы мүмкін. Тұра тұр. Сөзімді бөлмей тында. Есінде болса, Наматжан тергеуде әйелдің ваннадан шыққанын айтса, ал, қүйеуі ол үақытта ас үйде әйелімен тамақтанып жайбарақат отырдық деді. Сондай-ақ Қуаныш Тимурұлы мен Наматжан оқиғаның сағат 11-ден кейін болғанын айтқанымен, марқұм келіншектің қолынан табылған ақылды сағат Сандуғаш Қекенованың жүрең қасының 9 жарыма тоқтағанын айғақтап тұр. Міне, парадокс. Әған, қоса, Қуаныш Тимурұлының бұрынның екі әйелінің де кездейсөк ажал құшқанын есепке алыныз. Мен сенімді адамдар арқылы күні бұрын қысқартуға жиберілген сөт-медициналық сараптамасына қол жеткіздім. Марқұм келіншектің өлдөн төрт қалыптарынан жақалғасының сыйнаның және тырақ астынан күйеуінің тери қалдықтарын анықтадым. Демек, оны айданың қалғанын тағы көре жатармыз. Мен

қызымыды мектептен алуға кеттім. Деректер туралы тіс жарма.

Істін байыбын әлі қорытып үлгермен Жанат басын сипаған күйі қалады.

Абылай Назарбаев зияткерлік мектебінде оқытын қызы Еркеназды күтіп алуға барды. Көп күттірмей қызы да шықты. Екеуі қатарласа жүріп, көшени кесіп жаяулар жолынан ете бергенде, қапталдан өзінде қарал құлғытып келе жатқан кара джих қөлігін көрді. Қас-қағым сатте әбжіл қымылдаған Абылай қызын арғы бетке итеріп үлгергенімен, өзі қатты соққыдан анадай жерге үшшып түсті. Абылай ауруханада есін жыйиді. Оң жак ортан жілікті морт сығанған болмаса, басқа жараптарды елемеуге болады. Баstryсы, қызы дін аман. Абылай мұның сезіз қастандық екенін сезді. Аса діншіл болмас да, бір құдіретті құшті барына сенетін. Мойындағы анасы берген бойтұмдарды сипалап, жүрек түсініна басты.

Арада он күн өткен соң, жақындары мен доғдырлардың қарсылығына қарамай, балдағын сүйеніп, ақсандай басып Сандуғаш Қекенованың ісін аяқтауды үйғарды.

Наматжан тәжірибелі тергеушінің бірде өктем, бірде жұмсақ, шым-шытырық қоылған сұрактарынан сынып түсті. Иә, ол үйге сағат 11-де Қуаныштың шақыруы бойынша барған. Сонын қожайыны табан астында сценарий құрған. Оның қаржыдан қысылып жүргенін күні бұрын билетін Қуаныш Наматжанмен 9 миллионға келісken. Бұл кезде бір жарыл Абылай әйелінің жаңа жаңа сенетін. Сандуғаш Қекенованың мәжбур болды.

Аль Куаныш бұлтарплас деректердін барына қарамай, барынша қарсыласып, бұлталақтап баққанымен:

— Мен оны үлде мен булдеге орадым. Алтын-күміске малындырыдым. Ол қалағаның бәрін жасадым. Елде жоқ көлік мінгіздім. Коттедж салып бердім. Ол онғаған менін жасаған жақылымды білмеді. Өзінің менің ғана жеке меншігім екенін түсінбейді. Еркін жүргісін көлді. Соңында сыбағасын алды, — деп айғайлады тырыққа тірелгенін білген соң.

— Мінеки, сен оған жеке мүлкін ретінде қаралың. Ол жинақ емес, адам еді, адам деймін. Ал, сені адам деуге аузым бармайды, — деді көп әдемілік өкінесін.

— Сен байлығына сеніп, қылымысты жасыруға тырыстын. Тіпті, сот-медициналық орталығындағы адамдарды, ішкі істер бөлімінің басшысын парамен сатып алдың. Бірақ сатылмайтын дүниелер де болады. Ол — ар-жұдан, — деді Абылай бұл жолындағы салындарды түрде.

Сөйтіп, біразға созылған қылымыса нүкте қойылып, іс сотқа жөнелтілді.